

3) сәби мәдениетті, сыпайы, мінезі жақсы болсын деген тілекпен қойылатын есімдер: *Жібек, Мақпал, Барқыт*.

4) бала ақылды болсын деген тілекпен қойылатын есімдер: *Ақыл, Ақылғайша, Әлима, Дана, Парасат*.

5) қыз балаға молшылық, баршылық ішінде өмір сүрсін деген тілекпен *Береке, Несібелі* есімдері беріліп отырады.

6) ата-ананың өздеріне тілек-ниетін білдіретін есімдер. Баланы зарығып жүріп тапқан немесе баласы тұрмай, шетіней берген ата-ана баласына *Есенгүл, Тұрсынай* сияқты есімдерді берсе, балаға зәру ата-ана *Арман, Сағыныш, Аңсар, Аңсаргүл, Аңсағаным* сияқты есімдерді береді. Егер отбасында ылғи қыз туылатын болса, онда соңғы туылған қыз балаға келесі бала ұл болсын деген үмітпен келесідей есімдер беріледі: *Ұлболсын, Ұлжан, Ұлтай, Ұлбала, Жаңыл, Тойдық, Дәметкен, Қызтумас*. Аталған ырыммен байланысты түрік халқында қыз балаға ер бала есімін беру салты бар. Осылайша келесі бала қыз емес ұл болады деген ырым қалыптасқан.

II Нәрестенің сипатына қарай (дескриптивтер) берілетін есімдерге келесідей факторлар әсер етеді:

1) баланың физиологиялық ерекшеліктері, денесіндегі қалы, тәнінің түсі және бет-әлпеті: *Ақмеңтай, Ботакөз, Айторы*;

2) отбасында нешінші бала екендігі: *Кенжебибі, Кенжехан, Ақкенже*;

3) нәрестенің туылуымен байланысты жағдайлар (күні, айы, жыл мезгілі, жері, ауа райына не сол кездегі ірілі-ұсақты оқиғаға байланысты): *Ақнаурыз, Құрбанкүл, Жұмабике, Жұмагүл, Айтгүл, Таңат*;

4) бала дүниеге келген кездегі ата-ананың сезімі: *Шаттық, Қуаныш, Сағыныш, Бақыт*;

III. Басқа біреудің атынан алынған (меморативтер) антропонимдерге келесідей себептермен берілетін есімдерді жатқыза аламыз:

1) тарихта болған атақты адамдар, әдеби шығармалардың кейіпкерлері: *Айғаным, Томирис*;

2) өмірден озған ата-баба мен жақын туыстар. Түрік халқында отбасында дүниеден озған бірінің есімін жалғастыру үшін жаңа туған сәбиге сол есімді беру салты бар. Әсіресе, осы салт бойынша бірінші туылған балаға әкесінің не шешесінің есімі беріледі. Дүниеден қайтқан кісілердің есімін беру сол есімнің қасиетті күшіне сенумен тікелей байланысты бола отырып, сол есімді жалғастыру мақсатымен беріледі.

Әдебиеттер

1. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. Алматы: Ғылым, 1971.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЕҢЕУ МӘНДІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ ЖАЙЫНДА

Канапиянова А.С., Сүлейман Демирел атындағы университет

Түйін

Мақалада түркі тілдеріндегі тұрақты теңеулердің зерттелу тарихына шолу жасалған. Автор қазақ тіліндегі теңеу мәнді фразеологизмдердің жасалу тәсілдерін анықтап, олардың құрамында кездесетін көнерген сөздердің этимологиясын ашуға талпыныс жасаған.

Кілт сөздер: фразеологизм, тұрақты теңеулер, түркітану, этимология, көнерген сөздер, семантика, этномәдени құбылыстар, таным, діл.

Аннотация

Статья посвящена изучению семантики и способов образования устойчивых сравнений. Автором рассматриваются вопросы истории изучения этимологии компаративных фразеологизмов в тюркологии в целом, в казахском языкознании, в частности.

Тіл – адамдардың өзара түсінісу, қатынас жасау құралы болумен қатар, адамның рухани өмірінің, қоғам мен табиғат құбылыстарының бірден бір көрсеткіші. Ұлт пен жеке адамның, ұлт пен қоғамның, табиғаттың арасындағы тікелей байланыс халықтың танымынан, білімдер жүйесінен көрініс табады. Тіліміздегі теңеу құбылысы – осы танымның нәтижесі. Қазақ тіліндегі теңеулер ұлттық үрдістің күні бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатқан жарасымды бір бөлігі. Бұл дәстүрдің басталуы да, қалыптасып, кеңінен тарау уәждері де тарихта белгілі, этномәдени көне құбылыстарға жатады.

Ғасырлар бойы қалыптасып, сөздік қорымыздың қат-қабат қойнауларында сақталып келе жатқан, үнемі дамып, жаңарып, толығып отыратын тілдік бірліктердің бірі – қазақ теңеулері. Ойымызды бейнелі, мәнерлі етіп, айқын жеткізуде өзінің бейнелілігін, экспрессивті-эмоционалды бояуымен көзге түсетін теңеулердің маңызы ерекше құнды. Теңеу модельдерінің табиғаты бұрыннан зерттеліп келе жатса да, олардың этнос болмысын, оның көркемдік, бейнелі дүниетанымдық мәні мен тілдегі қызметін терең де жан-жақты қарастыру антропоэлекті парадигманың өзекті мәселелерінің қатарына жатады. Өйткені мыңдаған теңеу модельдерінің уәжі мен нысаны, сайып келгенде, халықтық дүниетанымға, ұлттық менталитетке және оның құндылығын айқындау принципіне тікелей байланысты.

Бұл тіркестердің қай-қайсысын алсақ та, олардың мазмұнында халықтың тарихы, мәдениеті, өмір сүру салты, ассоциациялық ой-өрісі жатыр. Тілімізде мыңдап саналатын бұл тіркестер тақырыбы, мағынасы, құрамы мен құрылымы, уәждік негізі және көркемдік ерекшеліктері жағынан сан алуан. Теңеудің басты ерекшелігі қандай затты, құбылысты болсын, я қандай затпен, құбылыспен болсын салыстырса да, айналып келіп, адамның іс-әрекетін, сын-сымбатын, қалып-күйін т.б. қасиеттерін сипаттауға бағытталады.

Теңеу тіркестерін зерттеу дегеніміз өз ұлтымыздың тұрмыс-тіршілігін, болмысын, табиғатын танып білу. Теңеу тіркестерінің тілдік болмысын тану сол халықтың тарихымен тығыз байланыста зерттеу болып табылады.

Қазақ халқының талай ғасырлар бойы көшіп-қонып жүріп, табиғаттың тылсым сұлулығын жан дүниесімен сезіне білгенінің нәтижесінде өмірге бейнелі теңеулер келді. «**Теңеу** дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипаттаушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [1, 7 б].

Қазақ теңеулерін этнолингвистикалық аспектіде қарастырғанда ұлттық тілдегі өзіндік менталдығын білдіретін күрделі, әртүрлі ұлттық бояуға қаныққан категория деуге болады. Теңеудің пайда болуы, құрылымы, қолданылуы, бейнелеуіштік қасиеті тіл иесі халықтың мінез-құлқы, салт-санасы, әдет-ғұрпы, дәстүрімен ұштасып жатады және солардың көрінісі болып табылады. Тіл білімі сөздігінде теңеуге мынадай анықтама берілген: «**Теңеу (салыстыру)** – (ағылш. Comparasion, франц. Comparaison, нем. Vergleichung, komparationgrade) – ортақ қасиеттеріне негізделген ұғымның өзге ұғымға логикалық теңестірілуі. Құбылыс, зат қасиеттері көрінуінің қатыстық деңгейін анықтау үшін жүзеге асырылады. Мысалы, орыс тілінде – Байкал глубже Исык-Куля; қазақ тілінде – Көзі от сияқты. Теңеу түрлі амалдармен: *троппен* (метафорамен), *морфологиялық формамен* (үстеу және сын есімнің салыстырмалы шырайларымен), *синтаксистік құрылымдармен* (салыстырмалы мағынаның көмектес септік формасымен, салыстырмалы оралымдармен, салыстырмалы бағыныңқымен, т.б.) беріледі» [2, 360 б]. Т.Қоңыров өз зерттеуінде қазақ тіліндегі теңеудің 10 түрлі жасалу тәсілін анықтап берді:

1. –дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін жұрнақтарының көмегімен;
2. –ша, -ше жұрнағының көмегімен;
3. –шығыс септігі жалғауының (-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен) көмегімен;
4. секілді, сияқты, тәрізді, іспетті сөздерінің көмегімен;
5. бейне сөзінің көмегімен;
6. тең сөзінің көмегімен;

7. ұқсас сөзінің көмегімен;
8. параллелизм тәсілі көмегімен;
9. аралас тәсілдің (бейне және –дай, -дей; бейне және секілді) көмегімен;
10. қосалқы тәсілдер көмегімен.

Теңеудің жоғарыда айтылып өткен 10 түрлі тәсілінің ішінде –дай, -дей, -тай, -тей жұрнағының көмегімен жасалатын теңеулер халық ауыз әдебиеті үлгілерінде, көркем шығармаларда т.б. өте жиі қолданылады. Бүкіл қазақ теңеулерінің 70-80%-ы осы тәсіл арқылы жасалады [1, 11 б].

Қазақ тіліндегі әр алуан сөз тудырушы аффикстердің ішінде компаративті мағына беру үшін қолданылатын қосымшалар тобының бірі – **-дай, -дей, -тай, -тей аффиксі**. Бұл – зат есімнен сын есім және үстеу тудырушы өнімді жұрнақ. Оның негізгі мағынасы теңеу, ұқсату семантикасы екендігін қазақ тілі мамандары бірауыздан қолдайды.

Алайда түркі тілдерінде сыры толық ашылмаған, әлі де біраз зерттеулерді қажет ететін қосымшалардың бірі – **-дай, -дей, -тай, -тей** жұрнағы. –**Дай, -дей** қосымшаларының сөзге жалғану қызметі өте кең. Жалғанған сөздеріне үстейтін мағыналары да әртүрлі болатындықтан, түркітанушылардың бұл қосымша жөнінде көзқарастары бірізді емес.

Әлі күнге дейін оның анық сөз тудырушы тұлғада не сын есімге, не үстеуге жататындығын анықтау қиындық туғызып отыр. Сондықтан да 1964 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында: «...-дай, -дей, -тай, -тей жұрнағы зат есімге жалғанып, үстеу емес, сын есім тудыратынын анықтап көрсетеді. Егер –дай, -дей жұрнақты зат есім ұқсастықты емес», етістікпен байланысып іс-әрекет тәсілдерін білдірсе, үстеу болады», - деп, оның үстеуге қатысы сөз болады.

Ал *Ф.Мұсабаев* –дай, -дей қосымшасын әрі сын есім, әрі үстеу тудырушы жұрнақ деп түсіндіреді. *І.Кеңесбаев* –дай, -дей қосымшасын сын есім тудырушы деп анықтап, оның сөз түрлендіруші форма бола алмайтынын баса көрсетті. *П.М.Мелиоранский* бұл қосымшаны салыстыру септігінің грамматикалық көрсеткіші дейді. *К.К.Дмитриев* болса, башқұрт тілі грамматикасында –дай, -дей қосымшасын сөз тудырушы категорияға жатқызады да, құмық тілі грамматикасында мұны ескірген септік формасы деп тұжырымдайды. *Ф.А.Ганиев* –дай, -дей аффиксін септіктер парадигмасына жатқызады. *Э.В.Тенишев* сөз түрлендіруші аффикс десе, *Н.А.Баскаков* –дай, -дей қосымшасын ноғай тілінде сын есім тудырушы қосымша десе, қарақалпақ тілінде мұны форма тудырушы (функционально–грамматический аффикс) аффикске жатқызады. Сонымен, бұл түркологиялық еңбектерде «сөз тудырушы аффикске жатқызылып жүрген –дай, -дей қосымшасын зат есімнен сын есім тудыратын жұрнақ» деп түсіндіреді.

А.Кононов: «Өзбек тілінде –дәй – үстеу тудыратын қосымша», - дейді. *Н.А.Баскаков* –дай, -дей қосымшасы жалғану арқылы жасалған сөздердің синтаксистік қызметіне қарай екі топқа бөліп, бір тобын зат есімнің атрибут–анықтауыш формасы, енді бір тобын атрибут–пысықтауыштық формасы деп түсіндіреді.

Қазіргі тіліміздегі –дай, -дей жұрнағының көне бастауларын сөз еткенде, сол дәуірде жазылған көркем жырларды аттап өте алмаймыз. *Ә.Керімұлы* «Ескі түркі ескерткіштері тіліндегі сөз жасайтын жұрнақтар (XIV ғасыр)» атты еңбегінде «*Хұсрау Шырын*», «*Махаббат-наме*», «*Гүлстан*» жырларына ортақ –дақ, -дағ, -дек, -дег, -тек, -тег жұрнағын, негізінен, зат есім және жіктеу, сілтеу есімдіктеріне жалғанып, «ұқсату, салыстыру» мәніндегі сын есімдер жасайтынына мысалдар келтіреді: Толун айдек – толған айдай (МН, 5). Булутлар йел тек көкрәб йүрүрләр – Булттар желдей күркүретіп жүрер (МН). Ескерткіштерде бұл жұрнақ ілік септікті жіктеу есімдігінен соң да жалғана алады. Мысалы, Мәниңтег шаһқа мунтег сөзләр айса – Мендей шахқа мұндай сөздер айтса (XIII, 231). Андағ – сондай, мунуңтек – мұндай, т.б. [36, 55 б.]. *Ғ.Мұсабаевтың* «Қазіргі қазақ тіліндегі –дай, -дей, -тай, -тей (айдай, алмадай) қосымшаларының арғы төркіні –тек, -тег түрлерінен шыққан» деген пікірін *Ә.Керімұлы* да құптайды.

–Дай, -дей, -тай, -тей қосымшасының шығу тарихына ерекше тоқталып сөз еткен профессор *Қ.Жұбанов* оның арғы түбірі *тег* тұлғасын ұқсату, салыстыру шылауымен төркіндестіреді де, -дай, -дей қосымшасының шығу төркіні «род, происхождение» мәнін білдіретін «тек» сөзі екенін айтады: «Исходя из того, что слово тек могло означать и происхождение (род), и употребляется как

послеслог уподобления – «подобно», я считаю более вероятным перевод начала трафаретной формы орхонских надписей: Тәңрі тек тәңіріде болмыс (... не как «подобны небу, из существа неба созданный...»), а как «небесного происхождние–рода, из существа неба созданный...») [3, 64 б.].

Сонымен, түркі тілдерінің басым бөлігінде кеңінен қолданылатын, түркітануда халық тілінің сөздік қорынан ерекше орын алатын дербес құбылыс ретінде танылған, этникалық сарасананың айрықша көрінісі болып саналатын теңеу мәнді фразеологизмдердің ең өнімді жасалу тәсіліне жататын аффикстерді мынадай кесте (1-кесте) түрінде ықшамдап, ұсынуға болады.

Кесте 1. –Дай, -дей, -тай, -тей қосымшасының түркі тілдеріндегі көрінісі.

Тілінің аты	Жуан	Жіңішке	Жуан	Жіңішке	Жуан	Жіңішке	Жуан	Жіңішке
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Қырғыз	-дай	-дей	-тай	-тей	-дой	-дей	-той	-төй
Ноғай	-дай	-дей	-тай	-тей				
Башқұрт	-дай	-дәй	-тай	-тәй	-зай	-зәй	-лай	-ләй
Өзбек	-дай	-дәк	---	---				
Қарайым	-дай	-дәк	-лай	-лай				
Ұйғыр	-дак	-дәк	-так	-тәк				
Татар	-дай	-дәй	-тай	-тәй				
Ойрат	-тый	-гий	-туй	-түй	-дый	-дий	-дуй	-дүй
Гагауыз	-дан	-дән	-дәк	-дәк				
Әзербайжан	---	---	-так	-таки				
Түрікмен	-дек	-дей	-тек	-дейн				
Қарақалпақ	-дай	-дей	-тай	-тей				
Құмық	-дай	-дей	-тай	-тей	-лай	-лей	-най	-ней

Енді қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген тұрақты теңеулердің құрамында кездесетін, мағынасы біршама түсініксіз сөздердің этимологиясына тоқталайық.

АРАНДАЙ АШУ. *Арандай аузын ашады, Аяғын топ-топ басады* (Батырлар жыры). **Аран.** **I.** 1. Аң аулау үшін кең әрі терең қазылған ор. 2. Ауысп. Ауыз, көмей, құлқын. \diamond **Аран ауыз** – далиған үлкен ауыз. **Араны ашылды** – а) тәбеті тартып, тамақ жегісі келді; ә) ашқарақтанды, қомағайланды, ашкөзденді. **II.** Кірпіш пен істік темірден жасалған кең қоршау. **III.** Көкнар тұқымдасына жататын біржылдық өсімдіктер туысы. **Арандай** – далиған, үлкен, кең. \diamond **Арандай аузын ашты** – а) ашқарақтанды, қомағайланды; ә) біреудің затына қызығып, алғысы келді, дәметті, қызықты.

БОҒЖАМАДАЙ. *Боғжамадай қолтықтап, Қарлыға алып жөнелді* (Батырлар жыры). **Боғжама** – қолдан тігілген бокша, дорба. *Боғажам//боғжам//боғжама//боғжамай.* Ұйғырша боғажома – жасау, түрлі нәрселер (төсек-орын, т.б.). В.В.Радлов сөздігінде боғча, бокча – түйіншек, пакет; ішіне сәлем-сауқат түйген орамал; боғу – түйін, буын. Қазақ, қарақалпақ, башқұрт, өзбек сияқты тілдерде бау, боғ – байлам, егінді, пішенді баулап байлау дегенді білдіреді. Көне түркі тілдерінің ескерткіштерінде ба//бағ; бағла – байлау. Қазақстанның кейбір аудандарында жам – ыдыс-аяқ, бұйым. Сонда боғажам екі түбірден құралған түркі халқының сөзі болып шығады. Бірінші сыңары – боғ(а) – қыз жасауы түйілетін орамал, байланатын баулық, екіншісі – жам – дүние, мүлік, ыдыс-аяқ. Сөз ортасындағы а дыбысы туралы белгілі бір пікір айту қиынырақ. Қазақ тіліндегі бу, бұғау, байла тәрізді сөздер де жоғарыда көрсетілген ба-боғ – сөздерімен түбірлес болу керек.

ДАҒАРАДАЙ (үлкен). *Сол ауылдың басы қазандай, сәлдесі дағарадай Жақып деген молласы болыпты* (Қазақ ертегілері). **Дағара.** **I.** 1. Бір центнердей астық сиятын үлкен қанар. 2. Рабайсыз үлкен, ебедейсіз. **II.** Кір жуатын леген, шылапшын. **Дағарадай** – абажадай, өте үлкен.

ЕҢГЕЗЕРДЕЙ (үлкен). *Етікші есікке қараса, маңдайында жарқыраған жалғыз көзі бар бір еңгезердей дәу кіріп келе жатыр екен* (Қазақ ертегілері). *Жиылыс дабырап тарай бастағанда, омырауы ашылған, көк сақалды, еңгезердей қара шал ат үстінен сұрау салды* (І.Жансүгіров). **Еңгезердей** – алпамсадай, соқталдай, үлкен. *Еңгезердей* сөзі тіліміздегі *алпамсадай, дырдай, нарттай, мұнтаздай, жіптіктей* сөздері тәрізді лексикаланған элементтердің бірі. Мұндағы –дей – салыстыру жұрнағы. Сөздің негізгі түбірі – **еңгезер**. Бұл сөз, біздіңше, үш элементтен тұрады: **ені+кез+ер**. Бұл іспетті сөздердің бәрі де метафора – салыстыру жолымен жасалатындықтан, жауырыны қақпақтай, кеуделі, дене тұлғасы зор, яғни жауырынының жалпақтығы (ені, көлденеңі) бір кез (үлкен) адамдарды ені кез ер деп айтуы ықтимал. Өйткені, бұл сияқты салыстыру формалары қазақ тілінде тек бір сөзден ғана емес, кейде екі, үш, тіпті одан да көп сөздердің тіркесуі арқылы жасалуы мүмкін. Мысалы: *құлаққа ұрған танадай, мүйізі қарағайдай, үріп ауызға салғандай, екі иығына екі кісі мінгендей*, т.б. дәл осы сияқты бір замандарда сөз тіркесі түрінде айтылған *ені кездей//ені (көлденеңі) кез ердей* сөздері бара-бара өзара жымдасып, қосылып бір сөз тұлғасына (еңгезер+дей) айналған болуы мүмкін. Изафеттік формада байланысып тұрған *ені, кез* сөздерінің *енгез* түріне ауысуы заңды нәрсе: н дыбысының к, г, ғ дыбыстарымен қатар келгенде н-ға ауысуы мәлім, ал н-ның әуенімен қатаң к (кез-дегі) дыбысының ұяңданып, г-ге айналуы да орынды. Ал бұлардың өзара жымдасып, бір-біріне ыңғайласуына қысаң і дыбысының ешбір әсері болмаса керек.

ЗӘРЕДЕЙ (кішкентай). – *Зәредей қиянатым жоқ, өз ажалынан өлді сиыры* (Ғ.Мұстафин). **Зәре** – үрей, қорқыныш. \diamond *Зәресі зәр түбіне кетті [жсетті]* – үрейі ұшты, қатты қорықты. *Зәресі [құты] қалмады [ұшты]* – қатты қорықты, үрейі қашты. **Зәредей** – кішкентай, титтей. **Зәредей көрді [қорықты]** – жақтырмады, сескенді. *Зәредей//зәрредей*. Тілімізде зәре//зәрре жеке-дара тұрып сирек қолданылады. Зәре сөзі кейбір тілдерде «кішкентай бөлшек», «атом» мағынасында қолданылады. Парсыша [зәрре] – атом, молекула, бөлшек. Тәжікше зарра – ұсақ бөлшек; атом, кикым. Сонда зәредей деген - «молекуладай кішкене бөлшек» деген сөз.

ЗІЛДЕЙ АУЫР. *Ісінгендіктен бе, таяқтан әлсірегендіктен бе – денесі зілдей ауыр екен* (С.Мұқанов). **Зіл**. **I**. Бақша дақылдарын зақымдайтын ауру. **II**. 1. Ауыр салмақ. 2. ауысп. Ашу, ыза, кек. \diamond *Зіл қара тас* – зіл көтерем, ап-ауыр. *Зіл салды [таслады]* – сес қылды, кәрін төкті. *Зіл түсті [басты]* – уайым-қайғы басты. *Зілі қатты* – діні қатты. **III**. *Піл тұқымдасына жататын, ертеде жоғалып біткен, ұзын жүнді, ет тұмсықты ірі азулы жануардың бір түрі; мамонт*. \diamond *Зіл батпан* – ап-ауыр, зіл көтерем. *Зілдей* – зіл батпан ауыр.

ҚҰРЫМДАЙ ҚАРА. *Жамал жаппаға еніп кетіп, құрымдай қара сүйреткіні шайқап-шайқап жіберді* (Ғ.Мұстафин). **Құрым**. **I**. Күн қақтап, ыс сіңіп, қарайған киіз. **II**. Қызыл қоңыр немесе қара түсті бояу. \diamond *Құрым етік* – құрымға боялған былғарыдан тігілген етік. *Құрымдай* – құрым сияқты; қызыл қоңыр, қара қошқыл. **Құрым**: құрым киіз, құрымдай. Л.Будаговте – құрым – күйе. Башқұртша қором – ыс, күйе, қоромлану – ыстану, күйе басу. Сонымен, қазақ тіліндегі құрымның мағынасы басқа түркі тілдеріндегідей күйе, ыс дегенге келіп ұласады. Ол қазақ тілінде көбінесе киіз сөзімен тіркесіп айтылады да, «ыс басқан, күйеленген киіз» ұғымын береді. Ал құрымдай сөзі күйедей дегеннің синонимі ретінде қолданылады. Кешқұрым сөзінің құрамындағы құрым да осы түбірге байланысты болу керек. Күйе мен ыс түс жағынан қара нәрселер. Сонда, құрым сөзі кеш сөзімен бірігіп, «кешкі қараңғылық<кешкі уақыт>» дегенді білдіріп кеткен болар деп шамалаймыз.

ТҮРПІДЕЙ ЖЕУ. *Әке-шешесінің бұл өзара әңгімесі Сарыбаланың жанын түрпідей жеді* (Ғ.Мұстафин). **Түрпі**: 1. Ағаштың кедір-бүдірін тегістеуге арналған құрал. 2. ауысп. Дөрекі, оғаш. **Түрпідей** – түрпі сияқты. \diamond *Түрпідей тиді* – ұнамады, жақпады. **Түрпі**: *түрпідей тию, түрпідей көру*. Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарын және туысқан Моңғол Халық Республикасын мекендейтін қазақтар тілінде **түрпі** сөзі *үлкен өткір егеу* мағынасында айтылады, онымен ағашты егейді. Кейде оның өткірлігі пышақтан кем болмайды. Қазақ әдеби тілінде ол жоғары сөз тіркестерінде ғана кездеседі. Біздің ойымызша, **түрпі** сөзінің этимологиясы *егеу* зат есіміне байланысты болу керек. Республикамыздың батыс, оңтүстік өлкесінде түрпі сөзі тек түрпідей тию, түрпідей көру тіркестерінің құрамында ғана кездеседі. Түрпі онда зат есім ретінде жеке-дара

қолданылмайды. Түрпі сөзі осы мағынада кейбір түркі тілдерінде де қолданылып жүр. Мысалы, әзербайжанша төрпи – егеу.

Сонымен тіліміздегі тұрақты теңеулер құрамында жұмсалатын көнерген сөздердің этимологиясына үңілу арқылы халқымыздың таным көкжиегінің кеңдігін бағамдаймыз. Осылайша, тіліміздің сан ғасырлық тарихына көз жіберіп, этномәдени ерекшеліктерін де бағамдауға болады екен. Мұндай бағыттағы зерттеулер түркітану ғылымын салыстырмалы аспектіде дамыту проблемасын шешуге аз да болса үлесімізді қосуға мүмкіндік бермек.

Әдебиеттер

1. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. Алматы: Алаш, 2005. – 511 б.
2. Тіл білімі сөздігі. Алматы: Ғылым, 1998. 540 б.
3. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15 томдық. Алматы: Арыс, 2007-2011.
5. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Дайк-пресс, 2008. – 968 б.
6. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. Алматы: Арыс, 2007. – 480 б.
7. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, Арыс, 2007. – 800 б.

ӘОЖ 81'22

ЖАРНАМА СЕМИОТИКАСЫ

Бекетаева Сәнді Арманқызы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 2-курс студенті, Орал қ.

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., БҚМУ доценті Раманова А.А.

Түйін

Мақалада семиотика ғылымы туралы айтыла отырып, соның ішіндегі жарнама семиотикасына тоқталып кетеді. Осы саладағы зерттеу еңбектері туралы айтылады. Жарнама семиотикасына тән негізгі ерекшеліктерді ашып көрсетуге ұмтылады.

Кілт сөздер: жарнама семиотикасы, таңба, таңбалар жүйесі, семиотика, семантика, таңбалар теориясы, таңбалаушы, таңбаланушы.

Аннотация

В статье рассматривается семиотика как наука, в том числе рекламная семиотика. Говорится об исследованиях в этой области. Статья стремится показать особенности свойственные семиотики рекламы.

Ключевые слова: семиотика рекламы, знак, система знаков, семиотика, семантика, теория знаков, обозначающие, обозначающие.

Annotation

The article deals with semiotics as a science, including advertising semiotics. Refers to research in this direction. Article seeks to show characteristic features of semiotics of advertising.

Keywords: semiotics of advertising, the sign system of signs, semiotics, semantics, the theory of signs, referred, denoting.

Әр дәуірдің өзіне лайық үні бар. Адам баласының бүкіл көш бойына ілгері өсіп-дамуы қаншалықты тынымсыз тарих болса, қазақ тіліндегі зерттеу жұмыстары да – тоқтаусыз дамып, жаңарып отыратын құбылыс. Соның ішінде, семиотика ғылымы да танымы шексіз, заманауи маңызы зор еңбек.